

Қожа Ахмет Ясаун атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультеті
Журналистика кафедрасы
Журналистика және ақпарат даярлау бағыты бойынша академиялық комитет мәжілісінің
№3 Хаттамасы

13 қаңтар 2025 жыл

Түркістан қаласы

Қатысқандар: ф.ғ.к., доцент м.а. Бельдибекова А., ф.ғ.к., профессор Сердәлі Б., PhD Ергебеков М., аға оқытушы Сәдібеков А., оқытушы Ташимова А., оқытушы Ералиева Қ., кафедра ОПҚ.

Күн тәртібінде:

1. Әзірленген, жаңартылған ББ Реестрге енгізу, аккредитация есептерін даярлау.
2. Қаңтар-наурыз айында атқарылған іс-шаралар нәтижесін талдау

Тыңдалды:

Ералиева Қ., комитет төрағасы: Әзірленген және жаңартылған «БВ03279-Сандық медиа және телерадиожурналистика» білім беру бағдарламасының стандарттарға сәйкестігін қамтамасыз ете отырып, ресми реестрге енуін қамтамасыз етуіміз керек. Былтырғы жылы жаңартылған «Сандық медиа және телерадиожурналистика» білім беру бағдарламасы бойынша Жасанды интеллект пән ішіне енгізіліп, оқытыла бастады. Бұл заман талабына сай білімгерлер үшін тиімді әрі дер кезінде қабылданған шешім болғанын байқап отырмыз. Себебі жасанды интеллект қоғамның барлық саласына ене бастады, ал білім алушылардың осы саланы терең меңгеруі олардың бәсекеге қабілеттілігін арттырады және біздің білім беру бағдарламамыздың тиімділігін көрсетеді. Әзірленген және жаңартылған білім беру бағдарламаларын реестрге енгізу университеттің білім беру сапасын арттырып, оларды ресми деңгейде қолдануға мүмкіндік береді. Бұл студенттер мен жұмыс берушілердің талаптарына жауап беретін заманауи бағдарламалардың тиімді іске асуын қамтамасыз етеді.

Кафедра меңгерушісі А. Бельдибекова: Әрбір салаға жауапты ОПҚ өзіне жүктелген міндеттерді уақытылы және сапалы орындауы керектігін еске салғым келеді. Аккредитация – бұл біздің студенттеріміздің болашағы үшін жасалатын үлкен жұмыс екенін ұмытпағанымыз жөн. Аккредитация есептерін даярлау білім беру бағдарламасы бойынша қажетті деректерді жинаумен жүзеге асырылады. Оған оқу жоспарлары, пәндер мазмұны, оқытушылар құрамының мәліметтері, студенттердің жетістіктері, сондай-ақ материалдық-техникалық базаның жай-күйі кіреді. Жиналған ақпарат негізінде есептің құрылымын әзірлеу және мазмұнын жазу жүргізіледі. Бұл кезеңде бағдарламаның миссиясы, мақсаты, оқу нәтижелері, оқыту әдістері мен бағалау жүйелері, студенттердің жетістіктері мен түлектердің жұмысқа орналасу деңгейі жан-жақты сипатталады. Есеп мазмұнының аккредитациялық комиссияның талаптарына сәйкестігін тексеру өте маңызды. Барлық деректердің дәлдігіне көз жеткізіліп, есеп ресми түрде рәсімделеді.

АК мүшесі Б.Сердәлі: Соңғы кезеңде есеп аккредитация комиссиясына тапсырылады. Комиссияның кері байланысы ескеріліп, қажет болған жағдайда түзетулер енгізіледі. Бұл кезеңдердің әрқайсысы бізден жоғары жауапкершілік пен бірлескен жұмысты талап етеді. Аккредитация процесі университетіміздің сапа стандарттарын нығайтуға және білім беру жүйемізді жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді. Сондықтан осы міндетті табысты орындау үшін барлық әріптестерді белсенді қатысуға шақырамын.

Шешім:

1. Әзірленген, жаңартылған ББ Реестрге енгізілсін, аккредитация есептерін даярлауға барлық кафедра мүшелері, ОПҚ атсалыссын.
2. Аккредитация есептерін даярлау процесі - ақпарат жинау, есепті жазу, құжаттарды тексеру және дайындау. Әрбір оқытушы өзіне жүктелген тапсырманы уақытылы өткізсін.

АК төрағасы



Қ.Ералиева

Хатшы:



А.Ташимов